

FTAXP 06.71.02
ЭОЖ 330.33
JEL Q48

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-299-310>

Б.М. МУСИН,*¹

докторант.

*e-mail: mbm_85@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-0688-8368

З.М. МУСИНА,²

PhD, аға оқытушы.

e-mail: muszuhra@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4726-2393

¹Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана қ., Қазақстан

²Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

Андатпа

Қазіргі уақытта ел экономикасының тұрақты дамуы мен өсуі сапалы энергиямен жабдықтауға және энергетика секторының дамуына тікелей байланысты. Бүгінгі таңда халық пен өнеркәсіп толығымен энергиямен жабдықтауға тәуелді. Мемлекеттің энергетика саласын дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлуі экономиканың басым секторларының дамуына кедергі болуы мүмкін. Келешекте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы салдарынан электр энергияға деген сұраныс артатыны белгілі. Энергетика саласының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында соңғы жылдары үкімет саланы қайта құрылымдаудың бірнеше бағдарламаларын іске асырған болатын. Алайда бұл атқарылған ықпалдар түпкілікті нәтиже бермегені анық. Үкімет алдағы уақытта энергетика секторына инвестиция тарту үшін бірқатар реформаларды, соның ішінде баға, құқықтық және энергетикалық кәсіпорындарды реформалау сұрақтарын қарастыруы қажет. Мақаланың мақсаты – энергетика саласындағы мемлекеттік реттеуді, яғни тұтынушылар мен мемлекеттің барлық деңгейдегі мүдделерін ескере отырып, саланың тұрақты дамуын талдау. Энергетика кешенін реттеу мемлекет үшін стратегиялық сипатқа ие болғандықтан тақырып қазіргі уақытта өзекті. Осы уақытқа дейін үкімет жасақтаған мемлекеттік басқару құрылымдары және басқару жүйесі туралы тақырыптар отандық жұмыстарда көрініс тапқан. Осыған орай, мақала елдегі энергиямен жабдықтау жүйесіндегі мемлекеттік басқару және реттеу тетіктеріне жан-жақты зерттеу және егжей-тегжейлі талдау жасалды. Жұмыста еліміздегі энергиямен жабдықтау жүйесінің мемлекеттік басқару элементтері және эволюциясы қарастырылып, АҚШ, Норвегия, Ұлыбритания, Қытай, Ресей Федерациясы елдеріндегі энергетика саласының мемлекеттік басқару жүйелеріне салыстыру жүргізілді. Мақалада SWOT және ғылыми талдау арқылы елдің энергетикалық секторын басқарудағы тәуекелдер қарастырылады.

Тірек сөздер: экономика, энергиямен қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару, реттеу, энергетикалық кәсіпорындар, сенімді энергия жүйесі, реформалар.

Кіріспе

КСРО-ның ыдырауынан кейін ТМД елдерінде белгілі бір дәрежеде құрылымдық өзгерістер орын алғаны мәлім, соның ішінде энергетика саласында. Қазақстандағы электр энергетика нарығы тәуелсіздік алған уақыттан бастап көптеген өзгерістерге ұшырады. Жалпы Үкімет тәуелсіздік алған уақыт ішінде елдегі экономикалық құлдырау жағдайында энергетика саласының тұрақты дамуына айтарлықтай көңіл бөлмегені салдарынан қазіргі энергетика нысандарының жағдайы өте мүшкіл десе болады.

Осы уақытқа дейін энергетика саласында жүргізілген өзгерістер мемлекеттік басқарудың және реттеудің тиімсіздігін айқын көрсетті. Нәтижесінде салада ескірген және тозған өндіруші қуаттар және желілер артып, сондай-ақ, осы ескірген жабдықтарды қайта жаңартуға қаржылық ресурстардың жетіспеушілігіне алып келді.

Сонымен қатар мемлекеттік басқару аспектілерін зерттейтін ғылымға, энергетика саласында туындаған мәселелерге, яғни секторды реттеу, құқықтық қамтамасыз ету және саланы басқаруды жетілдіру тетіктерін саралауға ғылыми тұрғыда көңіл бөлінбегендігі тағы бір себеп.

Энергетика саласына мемлекеттің тікелей араласуының бастапқы мақсаты болып, бұл энергетикалық нысандардың әртүрлі меншік түріне қарамастан дамыту, тарифтердің өсуінің негізділігін бақылау, энергия тиімділікті арттыру, энергетикалық нысандардың жоғары сенімділік деңгейін қамтамасыз ету және энергияның үздіксіз өндірілуін талап ету болып табылады.

Бүгінгі күнде мемлекет энергетика саласында лицензиялау, шекті тарифтерді белгілеу, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу тетіктері арқылы басқаруда.

Нарықтық экономика мемлекетпен бірлесе отырып өзара қарым-қатынас жасамай салада тиімділік болмайтыны мәлім. Сол себепті мемлекет экономикалық қатынастарды тұрақтандыру үшін ең алдымен барлық субъектілерге жалпы ережелер жасақтап, салада пайда болған проблемаларды ретке келтіру жолдарын қарастырып, саладағы мемлекеттің рөлін және энергетика субъектілерінің жауапкершілік шараларын күшейтуге мүмкіндігін қарастыру қажет.

Зерттеудің негізгі мақсаттары болып елдегі электр энергетика құрылымдарының деңгейін бағалау, мемлекеттік немесе жеке меншіктегі энергетика нысандарына және даму дәрежесіне сәйкес әр елдегі энергетика жүйесінің қалыптасу деңгейіне салыстыру жүргізіледі. Сонымен қатар, жиналған ақпарат негізінде елдегі энергетика секторын дамытудағы күшті және әлсіз жақтар, кедергілер мен мүмкіндіктерді анықтау үшін SWOT талдауы жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Осы жұмыста елдегі энергетика саласын талдау үшін салада мемлекет тарапынан атқарылған жұмыстар және саладағы өзекті мәселені саралай келе SWOT (күшті, әлсіз, мүмкіндіктер мен қауіптер) әдісі жасақталды. SWOT-талдау саланың салыстырмалы түрде артықшылықтары мен кемшіліктеріне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалауға көмектесу үшін қолданылады. Отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулерін қарастырып сапалы талдау жасалды. Сонымен қатар, кең ауқымды зерттеу салаларында түсінік алу мақсатында салыстыру әдісі де қолданылды.

Негізгі ережелер

Энергетика саласына жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың міндеті болып мемлекеттік реттеудің тікелей және жанама әдістерін теңестіруді жүзеге асыру. Энергетика саласында мемлекеттік реттеу әдістері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1– Тікелей және жанама әсер ету әдістерінің жіктелуі

Тікелей әдіс		Жанама әдіс
Нормативті-құқықтық	Ұйымдастыру-техникалық	Тарифтік саясат
Лицензиялау	Шаруашылық функцияларды анықтау	Субсидиялау, әлеуметтік
Нарықты қалыптастыру	Стратегиялық және көрсеткіштерді анықтау	Салық салу
Техникалық ережелер мен талаптарды қою	Мақсатты бағдарламаларды анықтау	Кедендік реттеу
	Мемлекеттік бағдарламалар, тапсырыстарды қолдау	
Ескертпе: [1] дереккөздер негізінде жасалған.		

1990 жылдары еліміздің энергетика саласы және басқа да салалары экономикалық дағдарысқа байланысты қиын жағдайды кешкен еді. Энергетикалық нысандар толығымен мемлекеттің теңгерімінде болғандықтан мемлекет саяси деңгейде бұл салаға айтарлықтай қаржы бөлмеді.

1995 ж. экономиканы нарықтық қатынастарға көшіру мақсатында энергетика секторы жекешелендірілді. Осыған байланысты ірі электр станциялар заңды түрде бөлек кәсіпорындарға, ал шағын энергетикалық нысандар жекешелендірілді немесе концессияға берілді. Сонымен қатар жылу энергия орталықтары жылу желілерімен бірге жекешелендірілді немесе коммуналдық меншікке берілді.

Аймақаралық және мемлекетаралық электр желілері мемлекеттік меншікте қалды, яғни аталмыш нысандарды басқару үшін ұлттық диспетчерлік орталығы бар «KEGOC» АҚ берілді. Ал аймақтық деңгейде 0,4–110 кВ кернеулі электр желілерге аймақтық электр энергия тарататын компаниялар құрылды. Бұл компаниялардың бір бөлігі жекеменшік, бір бөлігі коммуналдық меншікке, ал қалған бөлігі «Самұрық-Энерго» тобына кіргізілді. Әр аймақтарда электр желілерін таратушы компаниялар құрылды. Қазіргі кезде елде барлығы 19 электр желілерін таратушы компаниялар жұмыс атқаруда, соның ішінде 3 компания мемлекеттік меншікте, 1 квазимемлекеттік, 15 компания жеке меншікте [2].

Елімізде электр энергияның басым бөлігі жылу және су электр станцияларында өндіріледі. Электр энергия өндірудің негізгі көзі көмір (73%), су (12,3%), газ (10,6%) және мұнай станцияларында (4,9%) өндіріледі [3].

Айта кетерлік жағдай, 2004 ж. аймақтық электр энергия тарататын компаниялардың энергия сату бөлімшелері заңды түрде жеке ұйымдарға бөлініп, аймақтарда энергиямен жабдықтау ұйымдары (ЭЖҰ) құрылды. 2009 ж. энергия өндіруші станцияларға инвестиция тарту мақсатында мемлекетпен электр станцияларға шекті тарифтер енгізілді. Бұл жағдай ЭЖҰ арасындағы бәсекелестікті төмендетті, өйткені жеке электр өндіруші компаниялар сатып алу және сату шарттарын өздері белгілей бастады [2].

Электр энергия нарығы көтерме және бөлшек нарығына бөлінді. Электр энергияның көтерме нарығы келесіні қамтиды: орталықтандырылмаған сатып алу-сату нарығы (электр энергиясын сатып алу-сату бойынша екіжақты келісім-шарттары), қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді сатып алуға және сатуға негізделген орталықтандырылған спот-сауда нарығы, нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарық, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы, қуаттылық нарығы [4].

Электр энергетика саласы Қазақстан Республикасы «Электр энергетикасы туралы» Заңы негізінде жүзеге асырылады. Ал табиғи монополия саласында, оның ішінде электр энергияны беру, энергия өндіру бойынша көрсетілетін қызметтер «Табиғи монополиялар туралы» Заңы аясында жүзеге асырылады, мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне тиесілі.

Үкімет тарифті өсірмеу мақсатында электр энергия бағасына шектеулер белгілеп, әкімшілік әдістерді қолдану арқылы жетілген бәсекелестік жағдайында нарықта бағаны реттей бастады, яғни бұл нарықтық басқару сипатына қарама-қайшы.

Соңғы жылда энергетика саласындағы шешілмеген мәселелер Үкіметтің күн тәртібіндегі өте маңызды мәселе. Соның бірі ретінде 2019 жылғы ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында энергетика саласының проблематикасы туралы айтылды [5].

Соның бірі ретінде электр желілер мен жабдықтардың амортизациясы, тозу деңгейінің жоғарлауы. Кейбір аймақтарда тозу деңгейі 80%-ға жеткен. Бұл өз кезегінде электр желілердегі электр энергиясының жоғалуына әкеледі. Қазірдің өзінде елімізде желідегі энергия жоғалу 13%-ға жетті, салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш Германия және Жапонияда 4%. Қытай, АҚШ, Францияда 6% аралығында, Ресей, Бразилия, Нигерия, Индия, Конго елдерінде 11–21% аралығында екен [6].

Мемлекеттік реттеушінің энергетика саласындағы тарифтерді қалыптастыру саясатының басты міндеті болып саладағы негізгі қорларды жаңарту мақсатында энергия бағасына инвестициялық құрамдас бөлікті енгізу.

Тарифтерді ұстау саясаты, яғни тарифтегі шығындарды жасанды түрде төмендету табиғи монополия субъектілерінің теңдігін бұза отырып, өндірістік-шаруашылық қызметтің жағдайын төмендетеді. Тұтынушыға ғана бағытталған тарифтік саясат ұзақ жылдар бойы әлеуметтік шиеленісті ұстап тұруға мүмкіндік берді, өз кезегінде, бұл саланың айтарлықтай деградациясына, яғни саланың тұрақты дамуына әкелмеді.

Осы жерде мемлекеттік басқаруды жаңғырту мақсатында бәсекеге қабілетті нарық жүйесін құрған шетелдік реттеу тәжірибесін пайдалануға болады.

Көптеген елдерде энергетика саласын реттеудің әртүрлі формалары және механизмдері қолданылады. Энергетикалық сектордың негізгі саясаты болып:

- ◆ Экономикалық тиімділік
- ◆ Энергетикалық қауіпсіздік
- ◆ Қоршаған ортаны қорғау
- ◆ Әлеуметтік мақсаттар

Елімізде энергетика саласында мемлекеттік реттеудің бағыттары кейбір салалық министрлік құзыреттілігіне қарама-қайшы келеді, яғни бір салалық министрліктің міндеттері екінші министрліктің міндеттеріне тікелей қарама-қайшы. Мысалға, энергетика министрлігі еліміздегі энергия тапшылығын азайту мақсатында дәстүрлі энергия көздерінен энергия өндіруді ұлғайтуға ынталанса, өз кезегінде экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын ұстанып, дәстүрлі энергия көзінен өндірілетін электр энергия көлемін қысқартуға тырысуда. Ал ұлттық экономика министрлігі энергетика саласындағы жабдықтардың апаттық және тозу деңгейін төмендету қажеттілігін ескерместен елдегі әлеуметтік инфляциялық бағыттарды ескере отырып энергия өндіру, тасымалдау тарифтерін белгілеуде.

Әдебиетке шолу

Алдымен «мемлекеттік басқару» және «мемлекеттік реттеу» ұғымдарына түсінік берейік. Мағынасы жағынан «мемлекеттік басқару» және «мемлекеттік реттеу» ұғымдары біршама ұқсас болғанымен, олардың анықтамалары өзгеше. Мемлекеттік басқару ұғымы мемлекеттік реттеуге қарағанда жалпылама сипатта. Мемлекеттік реттеу мемлекеттік басқарудың бір ерекше жағдайы ретінде қарастыру қажет.

Қазіргі ғылымда «Экономиканы мемлекеттік реттеу» категориясының әртүрлі анықтамалары бар, яғни мемлекеттік реттеудің мақсаты мен түпкі мақсаттарына байланысты әртүрлі түсінік беріледі. Қазіргі зерттеулерде экономиканы мемлекеттік реттеуді ұлттық мүдделерін жүзеге асырудың негізі ретінде, қоғамдық өндірістің дамуына әсер ету және елдің әлеуметтік дамуын жақсарту, экономиканы тұрақтандыру және бейімдеу тәсілі ретінде қарастырады. Мемлекеттік реттеудің мақсаты болып өзгермелі орта жағдайларында әлеуметтік-экономикалық жүйені бейімдеу және тұрақтандыру. Қазіргі нарықтық жағдайда экономикада мемлекеттік реттеусіз келесі қауіп-қатерлер болуы мүмкін, олар табиғи ресурстарды шексіз пайдалану, қоршаған ортаны ластау, табиғи ресурстарды пайдаланудың реттелуі болмауы, халық пайдаланатын тауарлар мен қызметтердің өндірісін ынталандырмау (жол, байланыс, көлік, энергетика және т.б.), жаппай жұмыссыздық, мүліктік теңсіздіктің пайда болуы, әлеуметтік маңызы бар тауарларды өндірілмеуіне алып келуі [8].

Кейбір елдерде электр энергияның бағасы сұраныс пен ұсыныс негізінде белгіленетін еркін нарықта. Осындай бәсекелестік нарық алғаш рет 1990 ж. Англия мен Уэльсте пайда болды, ал электр энергияның көтерме сауда нарығында шектеусіз бәсекелестік алғаш рет 1991 ж. Норвегияда енгізілді [9]. Норвегия елінде 1990 жылғы «Энергетика туралы» Заңына сәйкес электр энергия нарығында ырықтандыру басталды. Дүние жүзінде алғашқылардың бірі болып Норвегия тұтынушылары электр энергия тасымалдаушысын өздері таңдауға мүмкіндік берілді. Осыған орай, сатып алу бағасы немесе басқа да маңызды көрсеткіштерге таңдау мүмкіндігі жасалып, жеткізуші компаниялар арасында бәсекелестік жағдайы туды [10]. Аталмыш саланы реформалаудың ең табысты моделі болып Норвегиялық модель саналады, оның жұмыс істеуі нарықты және энергия бағасының деңгейін бақылайтын әкімшілікке негізделген.

Қытайда 1949 жылдан бастап электр энергетика саласы негізінен мемлекеттің меншігінде және бақылауында болды. Қазіргі уақытта мемлекет барлық электр жабдықтау және тарату желілеріне және энергия өндірудің 90%-дан астамына ие. Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және бөлу тігінен біріктірілген және мемлекеттік монополияның басқаруында. Мемлекеттік энергетикалық кәсіпорындар электр энергетикалық жүйелердің құрылысына, басқаруына және пайдалануға толық жауапты болатын. Қытай энергетика саласына шетелдік инвестицияларды тарту үшін құрылымдық реформалар, нарықтық ынталандыру және орталықсыздандыру саясатын енгізіп, Үкімет 1997 жылдан 2020 жылға дейін электр энергетика саласына төрт кадамдық қайта құрылымдау жасалды [11].

АҚШ соңғы үш онжылдықта дәстүрлі энергетика саласының үлгісін бірте-бірте өзгертіп, 1996–2007 жж. аралығында бәсекелестік қатынастарын қарқынды дамытты [12]. Бәсекелестік нарығын толығымен ашқан мемлекеттер Швеция, Норвегия, Финляндия, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия және басқа да бірқатар мемлекеттер бар [13]. Осы шет елдегі электр энергетика кешенінің басқару ерекшеліктері (2-кесте) көрсетілген.

Кесте 2 – Шет елдегі электр энергетикалық кешенінің ерекшеліктері

Түрі	Ресей	Ұлыбритания	АҚШ	Норвегия
Өндіріс	Өндіруші компаниялар жеке меншік инвесторлардың қолында	Барлық активтер жеке меншік қолында	Бәсекелестік деңгейі жоғары штаттарда өндіруші активтер коммуналдық меншіктен шығарылған	Салада көптеген өндіруші компаниялар бар
Тарату	Таратушы желілер мемлекеттік меншіктегі компанияларда	Таратуды жеке компаниялар атқарады	Либерализацияланған штаттарда тарату тәуелсіз компаниялар, либерализацияланбаған штаттарда коммуналдық компаниялар жүзеге асырады	Көптеген жекешелендірілген таратушы компаниялар
Беру	Мемлекеттік меншіктегі компанияларда	Басқаратын жекешелендірілген компанияда	Тәуелсіз жүйелік оператор және аймақтық тарату компаниялары жүзеге асырады	Біріккен жекешелендірілген беру компаниялары жүзеге асырады
Сату	Жеке аймақтық меншікті компанилар жүзеге асырады	Жеке аймақтық компаниялар жүзеге асырады	Тәуелсіз тарату компаниялар жүзеге асырады	Көптеген жекешелендірілген сатушы компаниялар
Тариф	Тарифтер халық үшін реттеледі, басқа тұтынушыларға бәсекелік өтінімдер нәтижесінде құралады	Бәсекелік өтінімдер нәтижесінде орнатылады	Бәсекелік өтінімдер нәтижесінде орнатылады	Бәсекелік өтінімдер нәтижесінде орнатылады
Ескертпе: [13] дереккөздер негізінде жасалған.				

Өнеркәсіптік құрылымдар, нарықтың жұмыс істеуі және мемлекеттік реттеудің себептері мен салдары бойынша алғашқы зерттеулері үшін Нобель сыйлығын алған Д. Стиглер экономикаға мемлекеттің тіке араласуының белсенді қарсыласы болған. Ол бейнелі түрде мемлекетті «барлығын дерлік тонайтын соқыр Робин Гуд» деп атаған, яғни ол тік интеграция өндіріс процесінің кем дегенде бір кезеңінде нарықты бақылаудың нақты деңгейін қамтамасыз еткен жағдайда ғана мемлекеттің араласуы қажет деп санаған. Ғалым шаруашылық салаларды зерттей келе, шаруашылық салаларда шектен тыс мемлекеттің реттеуі тиімсіз деген қорытындыға келді. Мемлекеттің экономикаға араласуы тұтынушының мүддесін емес, өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңа бәсекелестіктен қорғайды деп есептеген. Стиглердің сұрағы «егер рет-

теу, әдетте, өз мақсатына жете алмаса, онда реттеумен айналысатын мемлекеттік институттар неге көп?» деген ұғымға келді [14].

Сануси және басқалары [15] энергетика саласын басқарудың негізгі қағидаларын қарастырып, Африканың көптеген бөліктеріндегі, соның ішінде Оңтүстік Африка елдеріндегі нашар энергиямен қамтамасыз ету энергияны тиімсіз басқару деп санайды.

Лам өз жұмысында [11] Қытай үкіметі электр энергиясы тарифтерін жасанды түрде төмен деңгейде ұстауының кесірінен шетелдік инвестицияларды және энергияны үнемдеуді тежеді деп жазған. Қытай нарықтық экономикаға көшкен кезде энергия тапшылығын жою және энергияны үнемдеуді ынталандыру үшін энергия бағасын реформалау қажет болды. Электр энергетикасы саласына шетелдік инвестицияны ынталандыру үшін электр энергиясына бірыңғай баға саясатын, баға белгілеу қағидастарын және есептеу формулаларын қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Энергетика жүйесінде мемлекеттік реттеу мемлекеттік басқарудың бір формасы ретінде ұзақ уақыт дамыған болатын.

Смағұлова және басқаларының зерттеуінде Қазақстанда бәсекеге қабілетті электрмен жабдықтау нарығын дамытуда өндірілген электр энергияның барлық көлемі дерлік екіжақты келісім-шарттар мен электр станциялары мен тұтынушылар арасындағы келісімдер арқылы жүзеге асырылу кедергілері бар екендігін жеткізді [16].

Дүйсембекова және басқалары өз зерттеулерінде 2008 жылдан бастап мемлекетпен энергетика саласындағы жоспарланған бірқатар реформалар, атап айтқанда, электр энергияны беру, бөлу және тарату бойынша көтерме сауда нарығының құрылымын оңтайландыру, тарифтерді белгілеуді ынталандыратын баға саясатын ырықтандыру тоқтатылды немесе қатаң бақылау тетіктерімен ауыстырылып, саланы реформалаудағы жасалған оң нәтижелерге қарамастан, қазіргі уақытта электр энергия саудасы нарығының моделі көтерме және бөлшек нарығындағы деңгейде тиімсіз және нәтижесіз деп санайды [17]. Ал [18] зерттеуде қазіргі энергетика жүйесінде туындаған сұрақтарды және электр энергетика саласының дамуына тарифтік-инвестициялық саясатты жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етуге болады деген.

Нәтижелер мен талқылау

Энергетика секторын мемлекеттік реттеу бойынша шет елдік және отандық зерттеушілердің жұмыстарына шолу жасалып, аталмыш салада әр елде нарықтық реформалардың нақты жолдары әртүрлі екені белгілі болды. Саланы дамыту мақсатында көптеген елдер келесі міндеттерді шешуге бет бұрды, олар: электр энергетика саласын жеке қолға беру технологиясы; тәуелсіз нарық субъектілерінің түрлерін анықтау; ұйымдастыру нысанын таңдау; сауда мен есеп айырысу механизмін әзірлеу; нарықтағы реттеу дәрежесін, нысанын және әдістерін анықтады. Дегенмен, кейбір елдер, мысалы, Франция және басқа да Еуропа елдері электр энергия саласын бәсекеге қабілетті нарығын ұйымдастыру үшін қадамдар жасамаған. Ал, Қытай мемлекеттік реформаны әртүрлі мақсаттар үшін, яғни электр энергия өндіру активтеріне және тасымалдау желісіне қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ашық экономика саясатын қабылдаған. Қытайдың электр энергия сатудың ұзақ мерзімді стратегиясы әділ, бәсекеге қабілетті нарықты және тарифтерді төмендету мақсатын көздеді.

Қайта құрылымдау процестерінің мәні мен мазмұнының қарастыратын болсақ, ұлттық энергетикалық компанияларды функционалдық бөлу және бәсекелестік механизмін енгізу процесі электр энергияның көтерме нарығының дамуына алып келді. Сондай-ақ, бұл жасалған қадам көптеген елдерде тұтынушыларды сенімді электрмен жабдықтауға, тиімділіктің артуына және электр энергия бағасының төмендеуі сияқты оң нәтижелерін берді.

Ал еліміздегі жағдайға оралатын болсақ 1990 жылдардың аяғында және 2000 жылдардың басында жасалған салалық реформалар үкімет қойған мақсаттар мен жоспарлардың толықтай жүзеге асуына әкелмеді, яғни электр энергетика саласы операциялық және экологиялық тұрғыдан өте тиімсіз болды. Бұл өз тарапынан инвестициялық ахуалдың нашарлауына, бәсекелестікті болдырмауға және жеке кәсіпкерлерді ығыстыруға әкелді. Елдегі электр энергетика саласын реформалаудың концептуалды моделін нақты аяқтау үшін келесі жұмыстарды жасау керектігі анықталды, соның ішінде: олигополизациялауды және шектен тыс мемлекеттік бақылауды

тоқтату, сектордың нашар инвестициялық ахуалын жақсарту және тәуелсіз реттеуді енгізуді қарастыру. Елдегі электр қуатын тарату жүйесінде 200-ге жуық электр энергияны таратушы компаниялар болуына байланысты жүйе тым шашыраңқы. Нәтижесінде электр қуатын тарату жүйесі ашық еместігі, арифтер тым төмен болуы және төмен маржаға байланысты жаңғыртуға қаражаттың жетіспеушілігіне орай тізбектің ең әлсіз буынына айналғаны байқалды.

Бәсекеге қабілетті нарық жағдайында бұл шығындарды инвестор немесе жеке кәсіпорын жүзеге асыруы қажет еді, алайда елдегі тарифтің қолайсыздығына байланысты энергетикалық кәсіпорындар салаға инвестиция салуға қызығушылық танытпай отыр.

2021 ж. ҚР Президенті Қ.Тоқаев электр энергетика саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте тарифтердің әділдігімен қолжетімділігі туралы мәселе көтеріп, мемлекет үнемі электр энергия бағасын көтермеуге тырысқанымен бір жағынан энергетика саласын дамытуға мүмкіндік бермей отырғанын мәлімдеді [19].

Соның бір дәлелі ретінде мемлекет энергия өндіруші кәсіпорындарға шекті тариф деңгейін белгілеу арқылы дамуға кедергі жасауы. Мысалы ҚР «Электр энергетикасы туралы» Заңында уәкілетті орган әрбір жеті жыл сайын энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізілген өндіруші ұйымға уәкілетті орган белгілеген әдістеме бойынша айқындалатын пайда нормасынан тұратын шекті тарифті бекітеді [20]. Мысалға 2015 ж. 2016–2020 жж. арналған энергия өндіруші компанияларға шекті тарифтер бекітілді, осы тариф 2014 жылғы нақты жұмсалған шығындар негізінде анықталған болатын, алайда бұл тариф іс жүзінде 5 жылға жоспарланған инфляция деңгейінен айтарлықтай асып түсті. Осы шекті тариф бүгінгі күні табиғи монополия субъектілеріне қажетті шығындардың тарифтік бөлігіне енгізуге мүмкіндік бермей, оның ішінде жалақыны лайықты деңгейге көтеру, тозуды азайтуға бағытталған инвестициялар және желілер мен жабдықтарды жөндеуге сияқты жұмыстар жасауға мүмкіндік бермейді.

Нәтижесінде:

- ◆ энергетика жүйесінде ескірген жабдықтар,
- ◆ апаттарының жие болуы,
- ◆ қуат жетіспеушілік, қаржы жетіспеушілік,
- ◆ тозудың жоғарлауы,
- ◆ инвестицияның болмауы,
- ◆ мемлекеттік реттеудің механизмі жетілмеген.

Жинақталған өзекті мәселелерді шешу үшін мемлекет салалық кәсіпорындарды қайта құрылымдап, саланы бәсекелестік қатынастарға көшіру жолын қарастыру қажет. Негізгі көзделген мақсат ол энергетикалық нысандардың тиімділігін арттыру, бюджетке түсетін жүктемені төмендету, салаға қосымша инвестиция тарту, электр энергияның аймақтық тариф айырмашылықтарын біркелкі болдыру. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар орындалған жағдайда инвесторлардың энергетика саласына қызығушылығын тудыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде мемлекеттік реттеу жүйесінің өзгеруіне, бәсекелестік қатынастардың жоғарлауына және экономиканың дамуына оң әсер береді.

Алдағы уақытта Қазақстанның электр энергетика саласы «операциялық үлгіден» «инвестициялық үлгіге» көшу жоспарлануда. Сонымен қатар 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау және 2025 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың электр энергиясының ортақ нарығына интеграциялану жоспарлары көзделуде. Бұл қабылданған міндеттемелер энергетика саласына қосымша ауыртпашылықты алып келуі анық.

Елімізде ұлттық мүдделерді сақтау үшін электр энергияға жиынтық сұраныс нарығын құрып, электр энергия көлеміне бірыңғай сатып алушы/сатушы мекемесін және қаржылық есеп айырысу орталығын құру арқылы оңтайлы модель жасақтау мүмкіндігін қарау қажет.

Бұл жерде бірыңғай сатып алушы жүйелік оператормен жұмыс жасау барысында энергия өндіруші компаниялар арасында тиімді бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар электр энергия нарығында жұмыс істейтін элементтердің және жаңартылатын энергия көздерін қолдау схемасын біріктіруге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған модель тұтыну режимдеріне байланысты әртүрлі санаттағы тұтынушыларға төмен немесе жоғары мөлшерлемені қолдану мүмкіндігімен электр энергияға бірыңғай бағаны алуға және электр энергиясын сатып алу/сату схемасында «артық» делдалдарды

алып тастауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде салада инвестициялық тәуекелдер төмендейді және жаңа өндіруші нысандарды салу кезінде инвестициялық тарифтерде «еріту» әсері болып бірыңғай баға алынады, бұл өндіруші қуаттардың құрамын оңтайландыруға, маневрлік қуат қорларын және тұтастай алғанда саланың тиімділігіне, өндірістігіне алып келеді.



Сурет 1 – Энергетикалық нарықты мемлекеттік реттеуден босату бойынша SWOT-анализ.

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Қорытынды

Энергетика саласындағы дамуды талдай отырып, саладағы мемлекеттік басқарудың негізгі мақсаты өндіріс шығындарын азайтуды ынталандыру, кәсіпорындарының жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету және шығындарға негізделген баға белгілеу болып табылады.

Энергетика саласы елдің экономикасының дамуының кепілі болғандықтан мемлекеттік басқарудың жаңа тетіктерін әзірлеу арқылы мемлекет тарапынан және нарықтағы ірі субъектілер тарапынан саладағы реттеудің жаңа жүйесін құруды қарастыру қажет.

Бірыңғай сатып алушының моделін қолданған кезде еліміздегі энергетикалық жүйені жоспарлауға, басқаруға, инвестициялық тиімділік және баға тұрақтылығы сияқты артықшылықтарға қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, бірыңғай сатып алушы моделі жаңадан енгізілген генерация көздерінің жоғары тарифтерін, тапшылық кезіндегі импорттық электр энергия бағасын және істегі станциялардың ағымдағы тарифтерін теңестіреді. Дегенмен, аталмыш модель бәсекелестік пен тұтынушы таңдауға шектеу қойып, инновацияға әсер етуі мүмкін. Бірыңғай электр жеткізуші моделі белгілі бір елдің немесе аймақтың қажеттіліктері мен мақсаттарына қатысты негізделуі қажет.

Осыған байланысты аталмыш модельді қабылдаған кезде тиімділік, бәсекелестік және тұтынушы мүдделері арасындағы теңгерімді сақтау маңызды.

Елдегі электр энергетика саласын қалпына келтіру және заманға сәйкес дамыту үшін жаңа тәуелсіз өндірушілердің, желілік қызмет көрсететін және сатушы компаниялардың нарықта пайда болуына мемлекет мүмкіндік беріп ынталандыруды қарастыру керек. Бұл өз тарапынан энергетикалық активтерді жаңартуға және нарықта бәсекелестікті туғызады. Энергетика секторын интеграциялаудың шетелдік тәжірибесін талдау кезінде бәсекелестік нарығына көшкені тиімді екенің көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ловягина В., Белов А. Методы государственного регулирования энергетики в РФ // Экономика. Профессия. Бизнес. – 2019. – № 2. – С. 87–89.
- 2 Электроэнергетика Казахстана: ключевые факторы. URL: <https://www.kegoc.kz/en/electric-power/elektroenergetika-kazakhstana/> (дата обращения: 14.01.2023)
- 3 Movkebayeva G., Aktymbayeva A., Tyurina Y., Baikadamov N., Beketova K., Troyanskaya M., Smagulova S., Imangaliyeva I. Energy security and sustainability in Eurasian Economic Union in the terms of economic growth: The case of Kazakhstan's energy sector up to 2040 perspectives // International Journal of Energy Economics and Policy. 2020. No. 10(2). P. 497–503. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.9073>.
- 4 Dagoumas A., Koltsaklis N. Zonal pricing in Kazakhstan power system with a unit commitment model // International Journal of Energy Economics and Policy. 2020. No. 10(3). P. 24–36. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.9022>.
- 5 Сындалры қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (өтініш берілген күн: 14.01.2023)
- 6 Казахстан погружается во тьму: на решение проблем нужны миллиарды. URL: https://www.korem.kz/rus/press-centr/novosti_otrasli/?cid=0&rid=9085 (дата обращения: 14.01.2023)
- 7 Transmission and distribution losses by country // Statista. URL: <https://www.statista.com/statistics/246481/transmission-and-distribution-losses-in-selected-countries> (дата обращения: 14.01.2023)
- 8 Голубчикова В. Назначение государственного регулирования в современной рыночной экономике // Вестник университета. – 2016. – № 5. – С. 70–71.
- 9 Костицына К., Костицына А. Зарубежный опыт реформирования энергетики. Европейский союз // Вестник Удмуртского университета. – 2012. – № 3. – С. 47–52.
- 10 The power market and prices. URL: www.regjeringen.no/en/topics/energy/the-electricity-grid/the-power-market-and-prices/id2076000/ (өтініш берілген күн: 14.01.2023)
- 11 Pun-Lee Lam. Energy in China: Development and Prospects // China Perspectives. 2005. No. 3. URL: <https://doi.org/10.4000/chinaperspectives.2783>.
- 12 Николаева А. Мировой опыт реформирования электроэнергетики в формате топливно-энергетического комплекса // Записки Горного института. – 2009. – С. 251–255.
- 13 Черныш Ю. Мировой опыт реформирования электроэнергетики // Управление экономическими системами: электронный научный журнал. – 2013.
- 14 Довбенко М., Осик Ю. Современные экономические теории в трудах Нобелиантов. – Москва: Академия Естествознания, 2011. – С. 305.
- 15 Sanusi Y.A., Ohadugha C.B., Martins V.I., Olaide S.A. Analysis of energy governance in Southern Africa // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. 2022. No. 25(4). С. 73–94. URL: <https://doi.org/10.33223/epj/155790>.
- 16 Smagulova S., Yermukhanbetova A., Nurgaliyeva K., Sariya B., Baimukasheva Z., Manap A., Koyshinova G., Akimbekova A. The impact of energy production on the introduction of ICT and the growth of AIC in Kazakhstan // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. 2023. No. 13(1). P. 477–488. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.13765>.
- 17 Dyussebekova G., Bayandina G., Zakirova D., Sartova R., Kalmenova M. The electric energy sector of Kazakhstan: State and vision for the country taking into account the International Trends // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. 2019. No. 9(3). P. 179–186. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.7741>.
- 18 Sadykova K., Zhakupov A., Baymukhanov T., Turchekenova R., Medebaeva A. Questions of cost and pricing in the conditions of the functioning of the electricity market of Kazakhstan // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. 2022. No. 25(4). С. 27–38. URL: <https://doi.org/10.33223/epj/154809>.
- 19 Қасым-Жомарт Тоқаев электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді // Akorda.kz. URL: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-elekttr-energetikasy-salасыn-damytu-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-2641239> (өтініш берілген күн: 14.01.2023)
- 20 Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңы. 9.07.2004 жыл. № 588. URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000588>. (өтініш берілген күн: 14.01.2023)

REFERENCES

- 1 Lovjagina V., Belov A. (2019) Metody gosudarstvennogo regulirovaniya jenergetiki v RF // Jekonomika. Professija. Biznes. No. 2. P. 87–89. (In Russian).
- 2 Jelektrojenergetika Kazahstana: kljuचेvyе factory. URL: <https://www.kegoc.kz/en/electric-power/elektroenergetika-kazahstana/> (data obrashhenija: 14.01.2023). (In Russian).
- 3 Movkebayeva G., Aktymbayeva A., Tyurina Y., Baikadamov N., Beketova K., Troyanskaya M., Smagulova S., Imangaliyeva I. (2020) Energy security and sustainability in Eurasian Economic Union in the terms of economic growth: The case of Kazakhstan's energy sector up to 2040 perspectives // International Journal of Energy Economics and Policy. No. 10(2). P. 497–503. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.9073>. (In English).
- 4 Dagoumas A., Koltsaklis N. (2020) Zonal pricing in Kazakhstan power system with a unit commitment model // International Journal of Energy Economics and Policy. No. 10(3). P. 24–36. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.9022>. (In English).
- 5 Syndarly qoғamdyq dialog – Qazaqstannyñ tūraқтылығы мен өrkendeuіnñ negізі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (ötіnіş berilgen күn: 14.01.2023). (In Kazakh).
- 6 Kazahstan pogruzhaetsja vo t'mu: na reshenie problem nuzhny milliardy. URL: https://www.korem.kz/rus/press-centr/novosti_otrasli/?cid=0&rid=9085 (data obrashhenija: 14.01.2023)/ (In Russian).
- 7 Transmission and distribution losses by country // Statista. URL: <https://www.statista.com/statistics/246481/transmission-and-distribution-losses-in-selected-countries> (data obrashhenija: 14.01.2023)
- 8 Golubchikova V. (2016) Nazanachenie gosudarstvennogo regulirovaniya v sovremennoj rynochnoj jekonomike // Vestnik universiteta. No. 5. P. 70–71. (In Russian).
- 9 Kosticyna K., Kosticyna A. (2012) Zarubezhnyj opyt reformirovaniya jenergetiki. Evropejskij sojuz // Vestnik Udmurtskogo universiteta. No. 3. P. 47–52. (In Russian).
- 10 The power market and prices. URL: www.regjeringen.no/en/topics/energy/the-electricity-grid/the-power-market-and-prices/id2076000/ (ötіnіsh berilgen күn: 14.01.2023). (In English).
- 11 Pun-Lee Lam. Energy in China: Development and Prospects // China Perspectives. 2005. No. 3. URL: <https://doi.org/10.4000/chinaperspectives.2783>. (In English).
- 12 Nikolaeva A. (2009) Mirovoj opyt reformirovaniya jelektrojenergetiki v formate toplivno-jenergetičeskogo kompleksa // Zapiski Gornogo instituta. P. 251–255. (In Russian).
- 13 Chernysh Ju. (2013) Mirovoj opyt reformirovaniya jelektrojenergetiki // Upravlenie jekonomičeskimi sistemami: jelektronnyj nauchnyj zhurnal. (In Russian).
- 14 Dovbenko M., Osik Ju. (2011) Sovremennye jekonomičeskie teorii v trudah Nobeliantov . – Moskva: Akademija Estestvoznaniya, P. 305. (In Russian).
- 15 Sanusi Y.A., Ohadugha C.B., Martins V.I., Olaide S.A. (2022) Analysis of energy governance in Southern Africa // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. No. 25(4). P. 73–94. URL: <https://doi.org/10.33223/epj/155790>. (In English).
- 16 Smagulova S., Yermukhanbetova A., Nurgaliyeva K., Sariya B., Baimukasheva Z., Manap A., Koyshinova G., Akimbekova A. (2023) The impact of energy production on the introduction of ICT and the growth of AIC in Kazakhstan // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. No. 13(1). P. 477–488. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.13765>. (In English).
- 17 Dyussebekova G., Bayandina G., Zakirova D., Sartova R., Kalmenova M. (2019) The electric energy sector of Kazakhstan: State and vision for the country taking into account the International Trends // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. No. 9(3). P. 179–186. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.7741>. (In English).
- 18 Sadykova K., Zhakupov A., Baymukhanov T., Turchekenova R., Medebaeva A. (2022) Questions of cost and pricing in the conditions of the functioning of the electricity market of Kazakhstan // Polityka Energetyczna – Energy Policy Journal. No. 25(4). P. 27–38. URL: <https://doi.org/10.33223/epj/154809>. (In English).
- 19 Qasym-Jomart Toqaev elektr energetikasy salasyn damytu mäseleleri jöninde keñes ötkızdı // Akorda.kz. URL: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-elekt-energetikasy-salasyn-damytu-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-2641239> (ötіnіsh berilgen күn: 14.01.2023). (In Kazakh).
- 20 Qazaqstan Respublikasynyñ elektr energetikasy turaly zañy. 9.07.2004 jyl. No. 588. URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000588>. (ötіnіsh berilgen күn: 14.01.2023). (In Kazakh).

Б.М. МУСИН,*¹

докторант.

*e-mail: mbm_85@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-0688-8368

З.М. МУСИНА,²

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: muszuhra@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4726-2393

¹Академия государственного управления
при Президенте Республики Казахстан,

г. Астана, Казахстан

²Алматинский технологический университет,
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И РЕГУЛИРОВАНИЯ В СФЕРЕ ЭНЕРГЕТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ВОЗМОЖНОСТИ И РИСКИ

Аннотация

В настоящее время стабильное развитие и рост экономики страны напрямую зависят от качественного энергоснабжения и развития энергетического сектора. На сегодняшний день население и промышленность полностью зависят от энергоснабжения. Недостаточное внимание властей к развитию энергетического сектора может сдерживать рост других секторов. Известно, что спрос на электроэнергию в будущем будет увеличиваться в связи с экономическим развитием страны. В целях дальнейшего повышения эффективности энергетического сектора правительство приняло ряд реформ реструктуризации энергетического сектора. Однако данные шаги для улучшения сферы не дали своих результатов. В будущем правительству следует рассмотреть ряд вопросов для привлечения инвестиций в энергетический сектор, включая ценовые, правовые вопросы и реформы энергетических предприятий. Целью статьи является анализ государственного регулирования в сфере энергетики, то есть устойчивого развития отрасли с учетом интересов потребителей и государства на всех уровнях. Регулирование энергетического сектора имеет для государства стратегический характер, поэтому тема актуальна в настоящее время. До сих пор созданные государством методы и система управления показывали слабую эффективность. В этой связи в статье всесторонне изучены и детально проанализированы механизмы государственного управления и регулирования в системе энергоснабжения страны. Кроме того, в работе рассматриваются элементы государственного управления и эволюция системы энергоснабжения в стране, проводится сравнение систем государственного управления энергетической отраслью США, Норвегии, Великобритании, Китая и Российской Федерации. В статье с помощью SWOT и научного анализа рассмотрены риски в управлении энергетическим сектором страны.

Ключевые слова: экономика, энергоснабжение, государственное управление, регулирование, энергетические предприятия, надежная энергосистема, реформы.

B.M. MUSSIN,*¹

PhD student.

*e-mail: mbm_85@list.ru

ORCID ID: 0000-0002-0688-8368

Z.M. MUSSINA,²

PhD doctor, senior lector.

e-mail: muszukhra@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4726-2393

¹Academy of Public Administration under
the President of the Republic of Kazakhstan,

Astana, Kazakhstan

²Almaty Technological University,
Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF STATE MANAGEMENT AND REGULATION IN THE SPHERE OF ENERGY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROSPECTS AND RISKS

Abstract

At present, the stable development and growth of the country's economy directly depend on the quality of energy supply and the development of the energy sector. Today, the population and industry are completely dependent on energy supply. Insufficient attention from the authorities to the development of the energy sector may hold back the growth of other sectors. It is known that the demand for electricity in the future will increase due to the country's economic development. In order to further increase the efficiency of the energy sector, the government has taken a number of reforms to restructure the energy sector. However, these steps to improve the sphere have not produced results. In the future, the government should consider a number of issues to attract investment in the energy sector, including pricing, legal issues, and reforms of energy enterprises. The aim of the article is to analyze the state regulation in the energy sector, that is, the sustainable development of the industry taking into account the interests of consumers and the state at all levels. Energy sector regulation has strategic importance for the state in terms of ensuring energy security, improving the competitiveness of the economy, and promoting sustainable development. So far, the methods and management system created by the state have shown poor efficiency. In this regard, the article comprehensively studies and analyzes in detail the mechanisms of state management and regulation in the energy supply system of the country. In addition, the paper examines the elements of state management and the evolution of the energy supply system in the country, and compares the systems of state management of the energy industry in the USA, Norway, the UK, China and the Russian Federation. In the article with the help of SWOT and scientific analysis the risks in the management of the energy sector of the country are considered.

Key words: economy, energy supply, public administration, regulation, energy enterprises, reliable energy system, reforms.